

УДК 619.616.995.121.636.3

Алпысбай Еркебұлан, магистрант,
Я. М. Кереев, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті, Орал қ., ҚР

**ЖӘНГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ- ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АҚЖАЙЫҚ ЕТТІ ЖҮНДІ БАҒЫТТАҒЫ АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ
ҚОЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ҚОЗЫ ЦЕНУРОЗЫНЫҢ ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ ОЛАРҒА
ҚАРСЫ ШАРАЛАР**

Аннотация

Мақалада Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық- техникалық университетінің ақжайық етті жүнді бағыттағы асыл тұқымды қой шаруашылығында қозы ценурозының таралуын және оларға қарсы шаралардың тиімділігін зерттеу нәтижелері берілген.

Түйін сөздер: ценуроз, *Multiceps multiceps*, *гельминтсіздендіру*, *ценурозын аллергиялық әдіспен анықтау*.

Қазақстанда қазіргі кезеңде денсаулық сақтау саласының көкейтесті мәселелерінің бірі– паразитарлық аурулардың эпидемиологиясы, диагностикасы, емі және оларды алдын алу шаралары болып табылады.

Жалпы мал шаруашылығын өркендетудің маңызы инфекциялық және гельминтологиялық аурулар мен күресу болып табылады. Соның бірі – сүтқоректілердің, жануарлардың ценуроз (айналма, тентек) ауруы болып табылады.

Ценуроз бұл *Coenurus* тек тармағына жататын таспа құрттар қоздыратын аурулар. Бұл аурулар екі топқа бөлінеді:

1. Аш ішектегі (етқоректілерде) мультицептоз;
2. Дернәсілі мида тіршілік ететін саты;

Етқоректілердің ішінде – көбінесе иттерде, мысықтарда кездеседі, ал дернәсілі мида кездесетін саты қой және адамдарда кездеседі [1].

Мал, әсіресе, қой шаруашылығын өркендетуде елеулі зиян келтіретін бір жастағы қозыдан (28% дейін) екі жасқа дейінгі тоқтылар шалдығады. Ауру малдың өлімімен тынады [2].

Қазақстанның қой шаруашылығына құрт аурулары зор экономикалық зиян келтіреді. Құрт ауруларына шалдыққан қойдың өнімділігі азаяды, қоңы төмендейді, өлім – жетімге ұшырайды. Құрт ауруларына шалдыққан саулықтан осал төл алынады. Сондықтан бұл ауруларға қарсы күрес ұйымдастыру шаруашылықтағы мамандардың ғана емес, шопан қауымының төл ісіне айналуы керек. Осыған орай шопандарға кең тараған, қой шаруашылығына үлкен зиян келтіретін құрт аурулары жөнінде қысқаша түсініктеме бермекпін [3].

М. С. Сабаншиевтің (2003 ж.) пікірінше, ценуроз қой шаруашылығына елеулі зиян келтіреді, өте кең тараған ауру. Айналманы тудыратын құрттың жыныстық жетілген сатысы иттің, кейде қасқырдың, қорқау қасқырдың және түлкінің ащы ішегін, ол көпіршек лавроциста кезі қойдың, сирегірек ешкінің, бұзаудың кейбір тағы тұяқтылардың орталық жүйке жүйесі ұлпаларын (миында және жұлынында) мекендейді [4].

Қ. М. Абуладзенің (2003 ж.) пікірінше, қой ценурозы және ірі қара мал ценурозы мал шаруашылығына үлкен зиян келтіреді. Ценурозбен ауырған мал тәжірибеде міндетті түрде өлімге әкеп соқтырады, бұл аурудан жазылған жағдай да сирек кездеседі, ол үшін бас миындағы ценуроз көбікшесін оталу жолымен алып тастау керек. Ценурозды адам да

жұқтыруы мүмкін, ол кезде қатты ауырады, адамды құтқару құралының жалғыз түрі – ол хирургиялық жолмен құтқару. Ми ценурозасы – орталық жүйке жүйесі зақымданатын қойдың және басқа да малдардың ауруы. Малға қатысты ценур көгершін немесе тауық жұмыртқасы тәрізді іші мөлдiр сұйыққа толы болады [5].

В. Т. Рамазановтың (1970 ж.) пікіріне сүйенсек, тентек қозының миында ценуроз паразиттің түсуімен пайда болады. Ценур тез өседі, кейде оның мөлшері тауықтың жұмыртқасындай болады да, миға салмақ түсіреді. Мұндай қозы мен-зең болады, қозғалғанда теңселіп тәлтіректтейді, бір орында оңды-солды шыр айналады, кейде ұзақ уақыт тапжылмай тұрып алады, тәбеті қашады, арықтап, титығына жетіп өледі [6].

Қоздырғышы. Түрі – *Multiceps multiceps*. Имаго – ұзындығы 40-60 см-ден 1-1,5 м-ге дейін болады, денесі 200-250 бунақтардан құралған. Көпіршігі – *Coenurus cerebralis* – іші түссіз сұйыққа толы, ішкі жағынан бүртік секілді нүктедей жүзден артық протосколекстері байқалады. Мида 2-3 ценур кездеседі, олардың үлкендігі кейде тауық жұмыртқасындай. Ит ішегін мекендейтін жүздеген мультицепстің әрбір пісіп-жетілген буылтығында мыңдаған жұмыртқалар болады. Күн сайын ондаған бунақтар құрт денесінен үзіліп, нәжіспен бірге сыртқы ортаға шығып жатады. Бунақтар жауын-шашын, жел-су ықпалымен ыдырайды да, ал олардан ажыраған жұмыртқалар өсімдікке, суға түсіп, мал өрісіне тарайды. Малға айналма дерті гельминт жұмыртқасымен былғанған, шөп пен суға жұғады.

Ценуроз Қазақстанның қой өсіретін барлық шаруашылықтарында кездеседі. Айналмамен көбінесе бір жасқа дейінгі қозылар ауырады. Ал екі жастан асқан қой бұл дертке сирек шалдығады. Мал шығыны жылдың барлық айларында тіркеледі. Гельминтоздың малға жұғу мезгілі оларды жайылымға шығарумен тікелей байланысты. Республикамыздың солтүстік аудандарында мал өлімі жазғытұрым басталып, күздің аяғына дейін барады. Оңтүстікте жас төлдердің тентекке ұшырауы сәуір-мамыр айларында басталады, ал шілде-тамызда көбейе түседі. Ценуроздың клиникалық белгілері қойға оның қоздырғышы жұққаннан кейін 3-6 ай өткен соң ғана біліне бастайды. Бұл аурудың ең асқынатын кезі – ерте көктем.

Ценуроз қоздырғышы балаң құрттарының жайғасқан санына және оның ми бөлшегінен тапқан орнына байланысты. Сондықтан да кейбір клиникалық көріністеріне қарап-ақ құрт мидың не жұлынның қай тұстарына орналасқанын ажыратуға мүмкіншілік туады.

Ценурозды анықтау үшін аллергиялық сынама қойылады. Ал, зертханада көп жағдайда дөңгелек шөгеру сынамасы қолданылады. Сонымен қатар малдың тірі кезінде сырт белгілеріне байланысты диагноз қойылады. Малдың өлі кезінде өлекеседегі өзгерістеріне қарап ауру анықталады. Аурудың алғашқы кезеңінде өлген қозының бас сүйегін жарып миын тексергенде, ми қабығы қызарыңқырап тұрады. Мидың әр тұсынан айналма балаңқұрттарының іздерін көруге болады. Дерттің созылмалы түрінде мида 1 немесе 2-3, көлемі көгершін не тауық жұмыртқасындай көпіршіктер табылады. Бас сүйек жұқарып, саусақпен басқанда былқылдап тұрады.

Жануарлар ценурозын сауықтыру және алдын алу. Қазіргі кезде көптеген жана дәрілер қолданылуда: Биовермин, Верпанил, Дирофен, Дихлорофен, Дронтал плюс – иттерге, Каниквантел плюс, Кукурбин, Левамизол – В, Панакур, Поливеркан, Паразител плюс, Празисицид, Прател, Тенавер, Тимбендазол, Триантелем, Тронцил, Фебамел, Цестал плюс.

Дәріленген иттер үш мәрте нәжіс шығарғанша байлаулы тұрады, ал бақылау жүргізуге шама келмесе, оларды 12-14 сағат бойы босатпайды. Иттерден шыққан құрттарды нәжісімен қоса бір орынға жинап өртеп, жердің сыртқы қабатын да қырып өртейді.

Иттер емделген алаңды қаустикалық соданың (NaOH) 3 % -ды ыстық ерітіндісімен зарарсыздандырады. Дегельминттеудің сапалы не сапасыз өткенін анықтау үшін 2-3 жұмадан кейін ішінара тексеру мақсатында кейбір иттерді қайта дәрілейді.

Ғалымдардың көпшілігі бұл шараны жылына 4 рет, яғни әрбір тоқсан сайын жүргізуді ұсынады. Таспа құрттарды жою үшін кейбір ғалымдар иттерді әрбір 1,5 ай сайын үзбей дәрілеу қажеттігін ұсынады. Ал ауылдардағы жеке меншіктегі иттерді жылына екі рет (көктем, күз) гельминтсіздендіру тиісті.

Шаруашылықтарда иттер арқылы инвазияның таралуына жол бермеу үшін ауруға шалдыққан малдарды союға жіберу немесе емдеу керек. Әр бір шаруашылықта қасаптар салынғаны жөн. Онда мал сойылғанда адам тамағына жарамсыз қалдықтарды қайнатып, залалсыздандырған шарт. Қосымша керегіне тереңдігі 4 метрдей, беті люкпен жабылатын

шұңқыр дайындау керек. Иттерді дұрыс ұстап-бағу ветеринарлық-санитарлық жағдайды жақсартуға көмегін тигізеді, сонда көптеген аурулар жануарлар мен адамдар арасына таралмайды. Шаруашылықта ауруларды таратпау үшін иттерді әкелуге болмайды, егер әкелсе олар тіркеледі, құжатталады, дәріленеді. Қаңғыбас, артық және шаруашылыққа пайдасыз иттер жойылады. Иттер әр тоқсан сайын дәріленеді, сол кезде оларға төлқұжат беріледі және жүргізілген шаралар тіркеледі.

Иттерді гельминтсіздендіру. Гельминтсіздендіру – бұл нағыз жауапты шара, инвазияның таралуын тоқтатады. Ол әр шаруашылықтың ерекшеліктеріне ыңғайланып жүргізіледі, иттерге 3 айлығынан бастап дронцит плюс немесе азинокс плюс дәрілері беріледі.

Шараларды жүргізу алдында шаруашылықта иттердің қандай дәженеде залалданғанын білген жөн, содан кейін сақтандыру шаралары жүргізіледі.

Дронцит плюс немесе азинокс плюс дәрілері әрбір иттің 10 кг дене салмағына 1 таблеткадан есептеліп, тамақпен жегізіледі.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Гельминтоларвоскопия тәсілі. Паразит баланқұрттарын өсіру үшін 10 г нәжісті Петри табақшасына немесе кішкене стаканға салып, үстін қақпақпен жауып, жылылығы 25-30 °С термостатқа 10 тәулікке қалдырады. Нәжіске ауа келтіру үшін ыдыстардың қақпақтарын күн сайын ашып тұрады және ылғал сақтау мақсатымен оған аздаған су бүркіп отырады. Егер термостат болмаса нәжісі бар ыдыстар бөлмеде ұсталады. 10 тәулік өтісімен нәжіс Берман аспабына қотарылады, оның үстіне жылылығы 27-40 °С аралығында тиісті мөлшерде су құйылады. 4-6 сағат өткен соң аспап түбіндегі тұнба сұйықты шыны түтік арқылы жиналып, одан қажетті көлемде сынама алынып, микроскоп арқылы тексеріледі.

Дарлинг әдісі. Аздаған нәжіске су қосып екеуін сұйық қойыртпаққа сүзіп, центрифуга пробиркасына аударып құяды да, 2-3 минут бойы центрифугада айналдырады. Содан соң бетіндегі мөлдір сұйықты төгіп тастайды да шөгіндінің үстіне тепе-тең мөлшерде глицерин және қаныққан ас тұзы ерітіндісін құяды. Тағыда центрифугада айналдырып, ерітінді бетіне қалқып шыққан құрт жұмыртқаларын темір ілмешекпен теріп алып, микроскоп арқылы зерттейді.

Фюллеборн әдісі. Қаныққан ас тұз ерітіндісі (сыбағалы салмағы 1,18 ерітінді эзірлеу үшін 450 гр тұзды 1 литр суға ерітеді), кішкентай шыны стакандар, таяқшалар, сондай-ақ мақта дәке, иірленген сым темір қажет.

Сойып-жару тәсілдері. Өлген немесе сойылған малдың ұлтабар, ащы және тоқ ішектерінен жынысы жетілген ересек, мультицептозды тапқанда ғана оларға нақты дәлелді диагноз қоюға болады. Ағзадағы гельминттердің барлығын қалдырмай жинап алып және олардың түрлерін анықтау үшін Скрябин ұсынған ГТЖТ немесе ГБЖТ әдістерін пайдалану қажет.

Гельминтологиялық бөлшектеп-жарып тексеру (ГБЖТ) әдісімен түлік саны көп немесе ірі малды зерттеуге қолайлы. Оның көмегімен жануардың көптеген жеке ағзаларын жарып қарағанда көзге айқын көрінетін кесек гельминттерді тауып, аз көптігін ғана шамалауға болады. Жануардың неден өлгенін білуімен қатар, денесін қандай, қанша құрттар табылғанын ескеріп, шынайы гельминтозды құрттасудан (гельминтоносительство) ажыратып отырады.

Жеке мүшелерді ГБЖТ әдісімен қайсыбір көзге ілінер тоғышарларды табуға негізделген. Тірі малды немесе өлексені сойысымен олардың жеке мүшелерін міндетті түрде мал дәрігерлік – санитарлық сараптаудан өткізу керек.

Біздің міндетіміз шаруашылықтағы иттердің ішқұрттармен залалданғанын (фонын) зерттеу және олардың осы ауруды таратудағы ролін анықтау.

Зерттеу Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы «Атамекен» елді-мекеніндегі Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ақжайық етті жүнді бағыттағы асыл тұқымды қой шаруашылығында жүргізілді.

2-ші кестеде көрсетілгендей, зерттеген 15 иттің 23 (93,3 %) ішқұрттармен залалданған, соның 2 (13,3 %) эхинококктар, 6 (40 %) ми цепендері, 13 (86,7 %) тении гидаригендер, 4 (26,7 %) дипилидилар, 3 (20 %) мезоцестодалар, 2 (13%) тении пизиформдар, 4 (26,7 %) аскаридалар табылды.

2 кесте – Атамекен ауылдық округіндегі иттерге жүргізілген дегельминтизация нәтижесі

Ит саны	Залал данғаны, %		Табылғандары													
			Эхинококктар		Ми целені		Гидригенді тениилер		Дипилидиялар		Мезоцестодиялар		Пизиформды тениидер		Аскардозлар	
	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
15	14	93,3	2	13,3	6	40	13	86,7	4	26,7	3	20	2	13	4	26,7

Қозы ценурозын аллергиялық әдіспен анықтау нәтижелері.

Бұл құрғақ аллергенді физиологиялық ерітіндімен араластырып 1:750 немесе 1:1000 қатынасындай етіп, қосындыны 0,2 мл көлемінде көздің жоғарғы қабығының терісіне (интрапальпебрально) немесе мал құй-рығының жүні жоқ жеріне тері қабатына егеді. 2-3 сағаттан соң реакцияның нәтижесін бақылауға болады. Егер мал ауру болса аллерген егілген жер ісініп, қызарады, кутиметр немесе штанген-циркуль арқылы ісікті өлшейді. Ісіктің үлкендігі 2,5 сантиметрден асса, онда оң немесе айқын реакция (+) деуге болады. Яғни қозының ауруға ұшырағаны. Ветеринарлық заңына сәйкес бұл ауруға шалдыққан малдарды, арықтамай тұрғанда, өздерінің қондылығын жоғалтпай тұрғанда, етке өткізіп жіберу керек. Сол себептен барлық малды күзде аллергиялық әдіспен зерттеген жөн. 4 - кестеде көрсетілгендей зерттелген 47 қозының 11 (23,4 %) оң, ал 36 (76,6 %) теріс реакция берді.

3-ші кестеде көрсетілгендей аллергиялық сынама оң нәтиже берген 11 қозыны екі топқа бөлдік. Бірінші бақылау тобындағы 5 қозыға дәрі берілмеді, екінші тәжірибелік топтағы 6 қозыға Альбензол мөлшері 60 мг/кг дене салмағына және оған бентоцит қосып мөлшері 20 г бір басына есептеп 7 күн күзде қоспа жеммен жегіздік. Дәріні жегізгенмен 3 айдан кейін барлық қозыларды сойғанда бірінші топтағы қозылардың басынан 1-3 аралығында әртүрлі өсу сатысындағы ценур көпіршігі табылды, ал тәжірибе тобында бірде бір ценур көпіршіктері кездеспеді. ЭЭ және ИЭ 100 % құрады.

3 кесте – Қозы ценурозын аллергиялық сынамамен айыру нәтижесі

Зерттелді	Реакция нәтижесі							
	Жоғарғы оң		Оң		Әлсіз оң		Теріс	
Барлығы	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
47	-	-	11	23,4	-	-	36	76,6

Иттерді құртсыздандыру мен қозы ценурозын емдеудің үнемдік тиімділігі 4-ші кестеде көрсетілгендей ит мультицептозын және қой ценурозын емдеудің үнемдік тиімділігі иттерді уақытымен жылына 4 рет құртсыздандыру мен ценурозбен ауырған қозыларды аллергиялық сынамамен балау жүргізіп дәрімен емдеудің нәтижесінен шығады.

4 кесте – Ит мультицептозын және қозы ценурозын емдеудің үнемдік тиімділігі

Ит саны	Дәрі мөлшері	Керекті дәрі саны	Дәрінің 1 мөлшерлік бағасы	1 жылдық шығын
2	1 таблетка 10 кг/дс	4 таблетка әр тоқсан сайын	300 тг	4800 тг

2 итке × 2 таблеткадан = 4 табл. × 1 жылға 4 рет = 1 жылға 16 таблетка.

16 табл. × 300 тг = 4800 тг. Бұл иттерді құртсыздандыруға кеткен шығын.

Егер 1 қозының бағасы 3000 тг тұрса, 6 қозының бағасы 18000 тг құрайды, ал 2 итті бір жылға 4 рет дәрілеуге кеткен шығын 4800 теңге, барлығы 18000 тг + 4800 тг ценурозбен ауырған 6 қозыны емдеуге 600 тг, барлығы = 23400 теңге шығын құрады. Егер иттерді құртсыздандыруға, ауруға шалдыққан қозыларды емдесек, онда 23400 тг шығыннан 5400 дәрілердің бағасын алсақ 18000 тг үнемдік пайда келеді.

Қорытынды:

1 Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы «Атамекен» ауылдық округінде зерттелген иттердің 93,3 % ішқұрттармен залалданған. Олардың 13,3 % эхинококктар, 40 % ми цепендері, 86,7 % тении гидаригендер, 26,7 % дипилидиялар, 20 % мезоцестодиялар, 13 % тении пизиформалар, 26,7 % аскаридаталар табылған.

2 Аллергиялық реакциямен ценурозға зерттелген қозылардың 23,4 % оң, ал 76,6 % теріс нәтиже берді.

3 Ми цепеніне қарсы сыналған үш дәрінің біреуі азинокс плюстің ЭЭ және ИЭ 100 % пайдалығын көрсетті.

4 Қозы ценурозына қарсы сыналған альбендазол мен бентоцит қоспасы 100 % сауықтыру пайдалылығын көрсетті.

5 Ит мультицептозын және ми ценурозын дәрімен емдеудің үнемділік тиімділігі өте жоғары.

Тәжірибеге ұсыныс:

1 Қозылардың ценурозбен және де басқа ларвальды цестоздармен залалданбауы үшін қозының басын, ішкі ағзаларын және өлген қойдың төшкесін иттерге шикілей жегізуге болмайды, тек суда қайнатып берген жөн.

2 Барлық жерде, бұралқы иттерді тұрақты аулауды жүргізіп, отарда екіден, табында және үйірде бір иттен ұстау керек.

3 Құжатқа тіркелген иттерге құртсыздандыру үшін әр тоқсанда дронцит плюс немесе азинокс плюсті жылдың әр мезгілінде бір рет жегізген өте тиімді.

4 Әрдайым күзгі уақытта қозы, тоқтыларды ценурозға аллергиялық сынама тәсілімен зерттеп, оң нәтиже бергендерін дәрімен емдеу керек. Әр ауылда, қыстақта, жайлауда, адам тұратын, мал бағылатын жерлерде керегінше мал моласын немесе сойыс қалдықтарын, өлекселерді өртейтін қондырғылар, мал сойыс алаңдарын орнату орынды, бұл өлген малдың өлексесін және жарамсыз ішкі ағзаларын иттердің жеуіне жол бермейді.

5 Қалалық, ауылдық жерлерде, әсіресе, малшылар арасында жүйелі түрде паразитологиялық білімді насихаттау жұмысын жүргізу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Ахметбеков Н. А. Эффективность противоченурозной вакцины в различных зонах Республики Казахстан. Автореф. дисс. ... канд. вет. наук. – Алматы, 2009. – 29 с.

2 Абдыбекова А. М. Гельминты собак и вызываемые ими заболевания в Республике Казахстан : кн. – Алматы, 2005. – 83 с.

3 Гавнилов А. А. Гельминты и гельминтозы собак Казахстана (фауна, эпизоотология, терапия и химиофилактика): Автореф. дис. канд. вет. наук. – Москва, 1977. – 25 с.

4 Ершов В. С. Иммунизация сельскохозяйственных животных при гельминтозах. – М., 1968. – С. 4-68.

5 Ерболатов К. М., Шалменов М. М., Есенгалиев Т. Т., Черыкаев Б. П. Рекомендации. Профилактика основных гельминтозов сельскохозяйственных животных в Уральской области. – Уральск, 1988. – 20 с.

6 Исмагилова Р.Г., Рамазанов В.Т., Подлеснов А.В., Рахимбердиев С.А. Иммунологическая диагностика в профилактике эхинококкоза животных и человека в Казахстане (Рекомендации). «Кайнар». – Алматы, 1980. – 19 с.

РЕЗЮМЕ

В статье даны результаты исследований на распространенность ценуроза у ягнят в племенном хозяйстве ЗКАТУ им. Жангир хана по разведению акжайкских мясо-шерстных овец и эффективности профилактических мероприятий.

Диагноз устанавливается на основании эпизоотологических данных (возраст животного, сезон заболевания, наличие инвазии), клинических симптомов (характер движения, положение головы и конечностей, наличие судорог, нарушение зрения, состояние кожной чувствительности, истончение и прогибание костей черепа при пальпации, тупой звук при перкуссии) и обнаружения ценурного пузыря в головном или спинном мозге в результате патологоанатомического вскрытия.

RESUME

The article presents the results of studies on the prevalence of coenurosis lambs in a breeding farm WKATU Zhangir Khan breeding akzhaikskih meat and wool sheep and the effectiveness of preventive measures.

The diagnosis is established on the basis the epizootologicheskikh of data (age of an animal, a disease season, existence of an invasion), clinical symptoms (nature of the movement, position of the head and extremities, existence of spasms, sight violation, a condition of skin sensitivity, thinning and a progibaniye of bones of a skull at a palpation, a stupid sound at percussion) and detection of a tsenurny bubble in a head or spinal cord as a result of pathoanatomical opening.

УДК 636.32/.38.082.365

Д. Ю. Дегтярев¹, кандидат биологических наук,

Л. Н. Скорых², доктор биологических наук, ведущий научный сотрудник отдела овцеводства

¹ФКУЗ «Ставропольский противочумный институт Роспотребнадзора», г. Ставрополь, Россия

²ФГБНУ «Всероссийский научно-исследовательский институт овцеводства и козоводства», г. Ставрополь, Россия, smu.sniizhk@yandex.ru

ПРИЧИННАЯ ОБУСЛОВЛЕННОСТЬ РАСПРОСТРАНЕНИЯ ЗООНОЗОВ

Аннотация

Рассматриваются вопросы эпизоотической терминологии, в частности понятие «о зоонозах» на основе современных представлений, механизмы передачи зоонозов, приводятся примеры наиболее распространенных болезней животных.

Ключевые слова: зоонозы, антропоэкосистема, факультативно-трансмиссивные и нетрансмиссивные зоонозы, антропургические очаги, нововозникающие болезни, эндемичность.

К зоонозам принято относить инфекционные (инвазионные) заболевания, для возбудителей которых естественной средой обитания являются те или иные представители животного мира [1]. В ветеринарии к зоонозам традиционно относили болезни, свойственные исключительно животным – многим или нескольким видам (zoon – животное, nosos – болезнь).

На современном этапе представление о зоонозах, как о функционирующих эволюционно сформировавшихся паразитарных системах, базируется на теории саморегуляции паразитарных систем, а также на учении о сапронозах и фитозоонозах [2]. При этом зоонозы подразделяли на болезни домашних животных – ктенонозы, диких животных – терионозы, а также поражающие домашних и диких животных – ктенотерионозы [3, 4].

В мировой ветеринарной эпидемиологической практике регистрируется около 200 нозоединиц – зоонозов, но их количество значительно возрастает. По критериям, отражающим типы циклов и характер передачи возбудителя, по цепи животные — человек, зоонозы по этиологической систематике разделяют на ряд групп: прионные инфекции, вирозы, хламидиозы и риккетсенозы, бактериозы, микозы, протозоозы, гельминтозы и арахноэнтомозы [2].

В эпидемиологических целях целесообразно подразделять зоонозы по способности возбудителей циркулировать среди домашних, а также синантропных (бруцеллез, ящур, кулихорадка, орнитоз, содоку, трихофития) и диких (туляремия, клещевые риккетсиозы,